

биоотын өндіру өнеркәсібі жақсы деңгейде дамыған.Қырықтан астам биожанармай өндіретін зауыттар жұмыс істеуде. Осы елдерде,сонымен қатар,жанармай қолдану саласында биожанармайдың үлесін ұлғайттыру үшінсалықтан толықтай немесе жартылай босатуды бекіткен және оларды реттейтінарнайы заңдар еңгізілген. Биоотын өндіруде және қолдануда Қытайдың,Малайзияның, Үндістанның тәжірибелері жеткілікті. Кейінгі жылдары бұл саладаРесей,Украина және Беларусь мемлекеттері де қызығушылық тұғызып жатыр.

Біздің елде де бұл іс қолға алына бастады. Алғашқы биожанармай шығарушы “Биохим компаниясының” жылына 220 мың тонна дәннен қайта өңдеу арқылы 20 мың тонна желімше, 57 мың тонна биоэтанол, 25 мың тонна көмірқышқыл газын, сонымен қатар, 24 мың тонна мал азықтық ашытқы өндіруге шамасы жетеді екен [5].

Қазақстанның ішкі нарығында жыл сайын 5 млн. тоннадан артықдизель отыны және бензин тұтынылады. Жанармайдың экологиялық сапасын жоғарлату үшін осы көлемге 250 мың тонна биоотын араластыру керек. Біздің елімізде екі түрлі биожанармай кең қолданылады, біріншісі – бензинге қосылатын биоэтанол, екіншісі – дизель жанармайына қосылатынбиодизель [6].

Биоэтанолды құрамы қантқа немесе крахмалға бай ауылшаруашылық өсімдіктерінен, ал биодизельді майлылығы жоғары дақылдардан өндіреді. Биоэтанолөндірісін дамыту және көлемін ұлғайттыру үшін қажетті негізгі ауылшаруашылық шикізаты болып табылатын өсімдік – жаздық жұмсақ бидай. Ол - ең маңызды экспорттық дақыл, оның әлемдік нарықтағы сұранысыда сапасы да өте жоғары. Ұлттық азық-түлік қауіпсіздігін күшейтумақсатындажаздық бидайдың 8-10 %-ы, сонымен қатар, сапасыз немесе сапасы төмен 5-ші сұрыпты бидайды биоэтанол өндіру үшінқолдануға мемлекет саясаты бағытталған.

Биодизель өндіру өнеркәсібінде майлылығы жоғары рапспайдаланылады.Рапстың егіс көлемін Солтүстік аймақтарда 1 млн. гектарға жеткізу қарастырылған[7]. Рапс өсірудегі алғашқы өндірістік тәжірибелер жинақтала басталды. Осы орайда бүлөсімдіктің биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келетінжергілікті технологияны қалыптастыру, селекция,тұқым кептіружұмыстарын дамыту, отандық жаңа түрлерін өндіріске енгізу қажет.

Қорытынды

Экономикалық себептерге байланысты авиациялық керосиннің бағасы көтеріле бастады. Сонымен, әлемдегі болжаулар бойынша, алдымен белгілі уақытта бағалары теңесіп, кейін биоотын керосиннен тиімдірек болады [8].

Азық-түлік қауіпсіздігін көлденең тартып, биожанармай өндірісін дамытуға қарсы пікірлер де жоқ емес. Осы жаңа саланың дамуын реттейтін арнайы заңның қабылдануын тездету ауыл шаруашылығының экономикалық тиімділігін нығайтуға арналған игі шаралардың бірі болатыны анық. Биожанармай өндіру және қолдану аясын ұлғайту қоршаған ортаның